

**"Байзақ ауданы бойынша табысы аз отбасыларына (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсету Ережелерін бекіту туралы" Байзақ ауданы мәслихатының 2010 жылғы 24 желтоқсандағы № 36-13 шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Жамбыл облысы Байзақ аудандық мәслихатының 2011 жылғы 20 желтоқсандағы № 47-10 Шешімі. Байзақ аудандық Әділет басқармасында 2011 жылғы 26 желтоқсанда № 6-2-134 тіркелді. Күші жойылды - Жамбыл облысы Байзақ аудандық мәслихатының 2012 жылғы 27 маусымдағы № 7-15 шешімімен

**Күші жойылды - Жамбыл облысы Байзақ аудандық мәслихатының 2012 жылғы 27 маусымдағы № 7-15 шешімімен**

«Тұрғын үй қатынастары туралы» Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі Заңының 97 - бабына және «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына сәйкес аудандық мәслихат

**Ш Е Ш І М**

**Е Т Е Д І :**

1. «Байзақ ауданы бойынша табысы аз отбасыларына (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсету Ережелерін бекіту туралы» Байзақ ауданы мәслихатының 2010 жылғы 24 желтоқсандағы № 36-13 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6-2-125 болып тіркелген, 2011 жылдың 29 қаңтарда № 12-13 «Ауыл жаңалығы» - «Сельская новь» газетінде жарияланған) келесі өзгерістер енгізілсін:

аталған шешіммен бекітілген Байзақ ауданы бойынша табысы аз отбасыларына (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсету Ережелерінің: 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Тұрғын үй көмегін тағайындау уәкілетті органмен – «Байзақ ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесімен жүзеге асырылады.»;

4-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«4.Тұрғын үй көмегі телекоммуникация желісіне қосылған телефон үшін абоненттік төлемақының, тұрғын үйді пайдаланғаны үшін жалға алу ақысының ұлғаюы бөлігінде тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп ұстауға арналған шығыстар төлемін, коммуналдық қызметтер мен байланыс қызметтерін тұтынуға нормалар шегінде ақы төлеу сомасы мен отбасының осы мақсаттарға жұмсаған шығыстарының шекті жол берілетін деңгейінің арасындағы айырма ретінде а й қ ы н д а л а д ы . » ;

7-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«7. Тұрғын үй көмегінің мөлшері тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп ұстауға арналған шығыстар төлемін, коммуналдық қызметтерді және телекоммуникацияның желісіне қосылған телефонға абоненттік ақының өсуі бөлігінде байланыс қызметтерін тұтыну, жергілікті атқарушы орган жеке тұрғын үй қорынан жалға алған тұрғын жайды пайдаланғаны үшін жалға алу ақысын төлеуге кеткен нақты шығындардың сомасынан асыра алмайды.»;

8 тармағы алынып тасталсын.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау Байзақ ауданы мәслихатының экология, табиғатты пайдалану, денсаулық, жанұя мен әйелдер ісі, мүгедектер және тұрғындардың тұрмысы төмен бөлігін әлеуметтік қорғау мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына (Ж. Есенқұловқа) жүктелсін.

3. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қоланысқа енгізіледі.

	<i>А у д а н д ы қ</i>	<i>м ә с л и х а т</i>
<i>сессиясының төрағасы</i>	<i>Н. Есимов</i>	
	<i>А у д а н д ы қ</i>	<i>м ә с л и х а т</i>
<i>хатшысы</i>	<i>А. Унетаева</i>	